

6D110100 – «Медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Ахметова Камшат Мусахановнаның «Репродукциялық жастағы адамдардың метаболизмдік синдромын болжау және профилактикалық шараларын жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертация ғылым дамуының басым бағыты – Өмір және денсаулық туралы ғылымға сәйкес келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады. Зерттеу барысында алынған метаболизмдік синдром мен метаболизмдік синдром компоненттерінің репродукциялық жастағы адамдар арасында таралу жиілігі, осы топта метаболизмдік

			синдромды тудыратын қауіп факторлары, соның ішінде генетикалық фактордың орны ерекше зерттеліп, осы синдромның дамуына әсер ететін 5 бірнуклеотидті (rs 7903146, rs 157582, rs 4506565, rs 7578597, rs 072037) полиморфизмдер анықталған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Докторант диссертациялық жұмысты жоспарлауда, жұмыс барысында, клиника деңгейінде ұйымдастыруды жүзеге асырған, зерттеуге науқастарды іріктеуге, респонденттерден денсаулық жағдайы, өмір-салты, тамақтануы бойынша мәліметтерді жинауда белсене қатысқан. Клиникалық материалды жинау, жүйелеу және талдау, оны ғылыми түсіндіру, жазу жұмыстары мен жарияланымдар бойынша барлық әрекеттерді автор дербес жүзеге асырған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Пандемия түрінде жер бетінде кең таралуына байланысты, қазіргі кезде метаболизмдік синдромды зерттеу өзекті мәселелердің бірі. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының әлем елдеріндегі аурушандық деңгейін бағалау нәтижесіне сәйкес, Еуропалық елдермен салыстырғанда Қазақстан жұқпалы емес аурулардан өлу бойынша алдыңғы орында тұр. Қазақстанда 30-69 жас аралығындағы өлім көрсеткіші 82% тең болса, басқа елдерде бұл көрсеткіш 71%-тең. Сол негізде Қазақстан Республикасында денсаулық сақтауды дамытудың көптеген жылдар бойғы мемлекеттік бағдарламалары созылмалы

		<p>жұқпалы емес ауруларды алдын алуға бағытталған жүйелі саясат шараларының дәйекті қадамдарын жасауда. Еліміздің осы саясатына сай, жұқпалы емес, әлеуметтік ауруларды алдын алу маңызды бағыт болып табылады.</p> <p>Метаболизмдік синдромның күрделі патофизиологиялық жағдайына байланысты, осы синдром жоқ адамдармен салыстырғанда метаболизмдік синдромы бар адамдарда жүректің ишемиялық ауруы даму қаупі 2-3 есе артса, 2-типті қант диабеті даму қаупі 3,5-5 есеге, өлім себебі 1,2-1,6 есеге көп.</p> <p>XXI ғасырдың басты індетіне айналған метаболизмдік синдромды болжау мен профилактикалық шараларын Астана қаласы жағдайында негіздеу практикалық маңызы бар өзекті ғылыми бағыт болып табылады. Сондықтан, жұмысы тақырыбының өзектілігі және оның практикалық құндылығы даусыз.</p>	<p>жұқпалы емес ауруларды алдын алуға бағытталған жүйелі саясат шараларының дәйекті қадамдарын жасауда. Еліміздің осы саясатына сай, жұқпалы емес, әлеуметтік ауруларды алдын алу маңызды бағыт болып табылады.</p> <p>Метаболизмдік синдромның күрделі патофизиологиялық жағдайына байланысты, осы синдром жоқ адамдармен салыстырғанда метаболизмдік синдромы бар адамдарда жүректің ишемиялық ауруы даму қаупі 2-3 есе артса, 2-типті қант диабеті даму қаупі 3,5-5 есеге, өлім себебі 1,2-1,6 есеге көп.</p> <p>XXI ғасырдың басты індетіне айналған метаболизмдік синдромды болжау мен профилактикалық шараларын Астана қаласы жағдайында негіздеу практикалық маңызы бар өзекті ғылыми бағыт болып табылады. Сондықтан, жұмысы тақырыбының өзектілігі және оның практикалық құндылығы даусыз.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <p>1) айқындайды;</p> <p>2) жартылай айқындайды;</p> <p>3) айқындамайды</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбына толық сәйкес келетін, ғылыми зерттеудің идеясы мен процесін көрсететін аяқталған жұмыс. Қойылған міндеттерді шешу, алынған мәліметтерді дұрыс статистикалық өңдеумен алынған нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берген, оның негізінде қорытындылар мен практикалық ұсыныстар жасалған.</p> <p>Ресми қорғауға ұсынылған жұмыстың ғылыми жаңалығы, практикалық маңыздылығы және негізгі</p>

			идеясы күмән тудырмайды. Ғылыми жұмыста қойылған міндеттерді шешу және алынған мәліметтердің биостатистикалық талдауларын нақты жүргізуде қол жеткізілген нәтижелерге жету үшін заманауи зерттеу әдістері тиімді қолданылған.
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері тақырыбына сай келеді. Зерттеу нәтижесінде алынған ғылыми ережелері, қорытындылары мен нәтижелері толық айқындалған. Тұжырымдамалар зерттеуге мақсатына сәйкес келеді және автор тандаған тақырыпты толығымен аша алған.
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p>1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	Диссертация классикалық стильде жазылған, диссертацияға қойылатын талаптарға сай, жаңа ғылыми нәтижелер мен ережелер жиынтығын қамтитын, ішкі бірлігі бар және ғылымға қосқан жеке үлесін куәландыратын толық ғылыми жұмыс болып табылады. Қорғауға ұсынылған негізгі ережелер, практикалық маңыздылығы зерттеудің мәнін көрсетеді. Қойылған мақсаттар шынайы және қол жеткізуге болады. Диссертант ғылыми жаңалықты атап өтіп, диссертацияның негізгі ережелерін жасаған. Мәселенің өзектілігі жеткілікті көлемде қамтылған, бұл жинақталған отандық және шетелдік әдебиеттерді мұқият талдауынан көрінеді. Зерттеу жұмысының материалдары мен әдістеріне арналған тарау толық сипатталған. Зерттеу міндеттеріне сай, әр міндет жеке тарау етіп жазылып, бір-бірімен толық байланысқан және тізбекті түрде толығымен қисындалған. Қорытынды логикалық және негізді жазылған, диссертацияның

			мазмұнынан шығады және оның негізгі ережелерін жинақтайды. Сонымен, диссертацияның барлық тараулары логикалық тұрғыдан өзара байланысты және осы ғылыми зерттеудің негізгі бөлігінің мәнін көрсететін егжей-тегжейлі қорытындыланған, толық аяқталған жұмыс.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Автор жұмыс тақырыбы бойынша қазіргі әдебиет деректеріне жан-жақты талдау жасаған. Ғылыми-зерттеу саласында ағымдағы жағдайдың дәлелді бағасы алынған, отандық және шетелдік денсаулық сақтауда қолданылатын негізгі шешімдер анықталған. Соның негізінде жеке шешімдер жиынтығы тұжырымдалып, оны жұмыс басталған кездегі қолданыстағымен салыстыру толық көлемде жүргізілген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Зерттеу жұмысының аясында метаболизмдік синдром мен компоненттерінің репродукциялық жастағы адамдар арасында таралу жиілігін анықтау, метаболизмдік синдромның қауіп факторлары, соның ішінде генетикалық фактордың зерттелуі, осы синдромнан зардап шегетін адамдардың денсаулық жағдайы мен тамақтануының бағалануы, метаболизмдік синдромды болжау моделі мен басқару концепциясын жасау, ғылыми нәтижелер мен қағидаттардың толығымен жаңа екендігін көрсетеді. Диссертацияда тұжырымдалған негізгі нәтижелер мен тұжырымдардың жаңалығы жеткілікті дәрежеде қамтылған.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?	Диссертацияның қорытындылары жаңа, зерттеудің толық идеясын, мақсаты мен міндеттерін

		<p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>көрсетеді. Әрбір қорытындының мазмұны алға қойылған міндеттердің шешімін табудағы ғылыми ізденістермен, диссертациялық зерттеуде ұсынылған мәселені шешудегі автордың ұстанымдарымен анықталады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Ізденуші метаболизмдік синдромды болжау моделі мен метаболизмдік синдромды басқару концепциясын ұсынуы - жұмыстың техникалық, технологиялық жағынан толығымен жаңа екендігін көрсетеді.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Алынған нәтижелердің сенімділігі талданатын материалдың жеткілікті болуы, зерттеу әдістерімен және статикалық өңдеумен расталған.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия;</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мәліметтері бойынша 12 жұмыс, оның ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда – 5; Scopus мәліметтер базасына кіретін халықаралық басылымдарда – 5; халықаралық конференцияда – 2 жаприяланған. Сондай-ақ, жұмыс нәтижелері бойынша пайдалы модельге 2 патент, клиникада жұмыс жасайтын дәрігерлерге арналған 2 әдістемелік ұсыныс, 5 авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер</p>

		<p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>алынған. Зерттеу нәтижелері профилактикалық медицина және нутрициология кафедрасының оқу процесіне 1 енгізу актісімен, Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасы Медициналық орталығының Ауруханасына метаболизмдік синдромды анықтаудың молекулярлы-генетикалық әдісін тәжірибеде қолдануға 1 енгізу актісімен расталған.</p>
8.	<p>Дәйектілік принципі</p> <p>Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Ғылыми жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне жету үшін ақпараттық, антропометриялық, клиникалық-лабораториялық, генетикалық, инструменталды, математикалық-статистикалық әдістері қолданылған. Материалдардың статистикалық талдауы озық параметрлік және параметрлік емес биомедициналық зерттеулерде статистикалық талдау әдістерін, сондай-ақ медициналық деректерді талдаудың заманауи талаптарына сәйкес дәлелді медицина критерийлерін қолдану арқылы жүзеге асырылған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Алынған материалды талдау заманауи статистикалық бағдарламаларды қолдану арқылы жүргізілген. Нәтижелердің сенімділігі адекватты статистикалық өңдеуден алынған нәтижелерді әдебиет деректерімен салыстыру арқылы да расталған.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың негізгі ережелері мен қорытындылары дәлелденген және зерттеу</p>

		дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	нәтижелерімен бекітілген логикалық өзара байланысқан.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Диссертанттың ғылыми-зерттеу жұмысында айтқан маңызды мәлімдемелері тиісті және сенімді отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталады.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттердің заманауи деректеріне талдау жасалған және диссертациялық зерттеуде 185 әдебиет көзі пайдаланылған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Ғылыми жұмыстың теориялық маңыздылығы сөзсіз, оның нәтижелерін оқу процесіне, клиникада дәрігерлердің жұмысында пайдалануға болады. Талдау және зерттеу нәтижелері әдістемелік нұсқауларда келтірілген.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Жұмыстың негізгі ережелері мен қорытындылары ізденуші алға қойған маңызды ғылыми-тәжірибелік мақсатқа жету үшін жақсы жоспарланған және жүргізілген кешенді зерттеудің нәтижесі болып табылады. Зерттеудің практикалық маңыздылығы: 1. Жұмыс нәтижелері бойынша жасалған әдістемелік нұсқаулар клиникада дәрігерлердің науқастармен жұмыс жасау барысында қолдануға болады. 2. Репродукциялық жастағы адамдарда метаболизмдік синдромды алдын

			<p>алуға ұсынылған профилактикалық шаралар жұқпалы емес аурулардың таралуын болдырмауға көмектеседі.</p> <p>3. Алынған нәтижелерді профилактикалық медицина және нутрициология, ішкі аурулар кафедраларының оқу процесіне енгізу - бакалавриат, интернатура және жоғары оқу орнынан кейінгі білім мамандарын дайындауға мүмкіндік береді.</p> <p>4. Алынған нәтижелерге сүйене отырып, rs 7903146, rs 157582, rs 4506565, rs 7578597, rs 4072037 генотиптері негізінде репродукциялық жастағы адамда метаболизмдік синдромға генетикалық бейімділікті болжауға болады.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Ізденушінің ұсынған ұсыныстары толығымен жаңа, қолжетімді болып табылады.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Сонымен, Ахметова Камшат Мусахановнаның 6D110100 – «Медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған «Репродукциялық жастағы адамдардың метаболизмдік синдромын болжау және профилактикалық шараларын жетілдіру» диссертациялық зерттеуіне рецензия нәтижесі</p>

			<p>бойынша, диссертация толығымен аяқталған ғылыми жұмыс, жұмыста өзектілік пен ішкі бірлік принциптері сақталған, диссертацияның ғылыми жаңалығы мен практикалық маңызы бар деп қорытындылаймын.</p> <p>Диссертация Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Дәрежелерді беру қағидалары» талаптарына толық сәйкес келеді, ізденуші Ахметова Камшат Мусахановна 6D110100 – «Медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруге лайық.</p>
--	--	--	--

Ресми рецензент:

«University Medical Center» корпоративтік қоры
 Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығы акушерлік және
 гинекология бөлімінің аға ординатор-кеңесшісі,
 медицина ғылымдарының докторы, профессор.
 Мекен-жайы: 010000, Қазақстан, Астана қ., Тұран 32
 e-mail: talshynu@yandex.ru

ҚҰЖАТТАРДЫҢ ҚОЛДАРЫН АЙҚЫНДАЙМЫН
 м.ғ.д., профессор Укыбасова Талшын Мухадесовна



Укыбасова Талшын Мухадесовна

Директор
Т. Мухадесовна

